

Қостанай облысы, Жітіқара ауданы Пригородный ауылы  
«Жітіқара ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің «Станция негізгі мектебі» КММ

## «Қазақ халқының тұрмыс- салт жырлары»



*Пәндік саласы:* қазақ тілі мен әдебиеті  
*Автордың аты-жөні:* Наурузбаева Ботагөз  
Наурызбайқызы  
*Лауазымы:* қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі



# Қазақ халқының



Тұрмыс-салт жырлары–

қазақ халқының  
**тұрмыс-салт**

салт –дәстүрлерімен

байланысты  
**жырлары**

адамдардың көңіл –күйін,  
сезімін білдіретін өлеңдер.



# Тұрмыс – салт жырларының түрлері:

- Бесік жыры
- Той – бастар
- Той – тарқар
- Беташар
- Жар-жар
- Сыңсу
- Қоштасу
- Жоқтау

# Бесік жыры



Шілдеhana – жаңа туған нәрестенің күрме Шілдеhana өткен кейін тіне жасалатын ойын-баланың әке-шешесі сауық, той бесік тойын жасайды. Шілдеhanaға жиналған Осындай құаныш көпшілік дөмбыра үстінде “Бесік жыры” тартып, ән салып, айтылады.

айтысып, таң атқанша көңіл көтереді. Ән-көпшілік дөмбыра

Ак бесікке жат бөлем!  
Жылама бөлем, жылама.  
Өмірге келген сәбиге  
Жылк шағып берейін,

Майың жеткітпейді,  
Мейің жеткітпейді,

Жылауыңды ноясын. /тындау/



# Бесік жыры

- тұрмыс салт жырларының көне түрінің бірі. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным –сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар. Бесік жырының басты қызметі бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру



# Той бастар

Бұл өлең той кезінде жырланады. Той бастар қыз ұзататын қызға байланысты айтылады. Той бастардың негізгі мазмұны – тойдың салтын дәріптеу, той иесі қызды мақтау, той жасаушылардың жақсы тілеуіне үн қосу.

*Құтты болсын тойыңыз, той иесі,  
Той есесін тәңірім толтырады.  
Құтты болсын айтамыз тойыңызға,  
Той иесі, тойыңыз тойға ұлассын!*



# Бет ашар

Бет ашар – жаңа түскен келінге байланысты айтылатын жыр. Қазақтың ерте заманнан келе жатқан дәстүрінің бірі – жаңа түскен келіншектің бетін ешкімге көрсетпей, желекпен жауып әкелу. Соңдықтан оның бетін ашу керек. Бұған ерекше мән беріп, келіншектің бетін шаршы топта ақындар өлеңмен ашады.



Күйенің аулына келген жерде қыздың басына желек салып, сәукеле кигізу – салтқа, әдет-ғұрыпқа мойын ұсыну деген сөз. Бірақ бет ашардың қайсысында болсын өз заманына лайықты, жаңа өмірге аяқ басып отырған жас келіншекке тәлім-тәрбие беру тілегі де байқалады.



# Жар - жар



Той басталғаннан кейін айтыс түрінде айтылатын салт жырының бірі – жар-жар. Жар-жар қыз ұзату, келін түсіру тойларында қазір де айтылып жүр. Мұнда қыз бен жігіттер жас жұбайларды көпшілікке таныстырады, әзіл-қалжыны аралас ізгі тілектер білдіреді. Жар-жарда ұзатылатын қыздың өзіне мұнын, наразылығын айтуға мүмкіндік бере отырып, оның айтқандарына қарсы жауап қайырады.



# Жар - жар

Осы өмірге лайық отты жағып, *жар-жар*  
Келеді әне екі жас топты жарып *жар-жар*  
Үлкені мен ауылдың жасы мұнда, *жар-жар*  
Жас келінді көруге асығуда, *жар-жар*

Құтты болсын тойларың, замандастар, *жар-жар*  
Жаңалықа жар болып, қадам бастар, *жар-жар*  
Бір аттаған босаға берік болсын, *жар-жар*  
Қызғалдақтай құлпырсын өмірлерің, *жар-жар*



# СЫҢСУ



*Әріден келе жатқан салт жырының бірі – сыңсу. Бұл жыр той бітіп, қызды өнелтер кезде айтылады. Ұзатылған қыз өз елі, өз ерінен кеткелі отыр. Сондықтан ел-жұртымен қоштасады. Ұзатылатын қыз /өз уылының/ әр адамға жылап көріседі. Өз басындағы мұңын, қамкөңілдігін айтады.*



# СЫҢСУ

Базардан келген құйысқан,  
Тарамай шашым ұйысқан.  
Келіп кетіп жүріңдер,  
Сағындырмай, туысқан



# ҚОШТАСУ

Қоштасу өленінің қайсысының болсын негізінде бір қайғылы хал жатады. Қазақ халқы өзінің тарихында талай ауыр күндерді бастарынан кешірді. Жоңғар қалмақтарына қарсы соғысып жүрген кездерінде кір жуып, кіндік кескен жерін тастап, қонысын аударуға тура келді. Міне, осындай жағдайларға байланысты қоштасу өлеңдері пайда болды.



# Естірту

Қазаға ұшыраған адамның қайғылы хабарын оның жақын туыстарына жеткізу рәсімі. Ауыр қаза, қайғылы оқиғаны жанашырларына, ел-жұртына өлеңмен естірту қазақ халқында ежелден келе жатқан дәстүр. Естірту кейде күңірген күй сазымен де орындалатын болған. Естіртудің соңы көңіл айтып, қайғылы хабарға ортақтасып, жұбатуға ауысады.

Арғымақтың тұяғы,  
Тасты баса кетілер,  
Сазды басса жетілер.  
Екі арыс аман болсын,  
Жетпесті қума,  
Келмеске жылама.



# Жоқтау

- Қазаға ұшыраған адамның артында қалған жақындарының қайғылы сарынмен айтатын зары, мұң сөзі. . Жоқтау тәрбиелік үлгі - өнегесі бар, мәдениеттілік пен адамды бағалаудың және оны есте сақтаудың бір белгісі ретінде қалыптасқан. Ол өлген адамның жылына дейін айтылады. Жоқтау – азалы, қайғылы, зарлы үнмен жырланады. Жоқтауды қайтыс болған адамның әйелі, апасы, қарындасы, қызы және жақындары айтады.

«Жайықтың суы ылай –ай  
Көр болды көзім жылай –ай  
Төлеген сынды мырзадан  
Айырдың өзің, құдай-ай»



# Ақпарат көздерінің және иллюстрациялардың тізімі:

1 [itest.kz](http://itest.kz) Тұрмыс-салт жырлары, түрлері

2 Мектепте өткізілген іс-шарадағы фотосуреттер

3 Отбасылық фотосуреттер

4 Аудио өлеңдер